



Әділет біліктілік алқасының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тәртіптік алқасының шешімдеріне берілген шағымдар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1999 жылғы 17 маусым N 54

Жоғарғы Сот Кеңесінің 1999 жылғы 8 маусымдағы қорытындысын ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" U952694_ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 50-б а б ы н а с ә й к е с :

1. Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының судьясы Д.С. Ахмедиевтің шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын. Әділет біліктілік алқасының 1999 жылғы 24-26 ақпандағы шешімінің атқаратын қызметіне сәйкес келмеуіне байланысты Д.С. Ахмадиевті қызметінен босатуға ұсыным беру жөніндегі бөлігі күшінде қалдырылсын.

2. Жамбыл облысы Тараз қалалық сотының судьясы Қ.Қ. Исаевтың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын. Әділет біліктілік алқасының 1999 жылғы 26-27 сәуірдегі шешімінің атқаратын қызметіне сәйкес келмеуіне байланысты Қ.Қ. Исаевты қызметінен босатуға ұсыным беру жөніндегі

бөлігі күшінде қалдырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тәртіптік алқасының 1999 жылғы 4 ақпандағы Т.С. Жармұхамедов жөніндегі шешімінің күші жойылсын және іс жүргізу тоқтатылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Омарбекова А.Т.)

